Соғыстан кейінгі жылдары Павлодар облысы баяу қарқында дамыды. Облыстың экономикалық дамуына 1954 жылғы 5 ақпанда тың игеру жұмыстарының басталуы күшті серпіліс берді. Павлодар облыстық атқару комитеті және Қазақстан Компартиясы Павлодар обкомының бюросы «1954-1955 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» Қаулы қабылданды. 25 ақпанда Павлодарда жаңа жерлерді өз еркімен игергісі келетін жастардың жиналысы өтті. 28 ақпанда Павлодар қаласына Алматыдан тың игерушілердің алғашқы отряды келді, 6 наурызда тың игеруге Мәскеуден комсомолшылар келді. 1953-1959 жылдары 200 мыңнан астам адам тың игеруге келді.

1954 жылы 13 наурызда ҚазССР Министрлер Кеңесі «бидай совхоздарын ұйымдастырып және совхоздарда тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен 1954-1955 жылдары бидай өндірісін арттыру туралы» Қаулы қабылдады. 2,5 млн. га тың және тыңайған жерлер игерілді. Егістік алқабы 4 есеге, бидайды сатып алу 14 есеге артты. Павлодар облысындағы тыңда қуатты астық совхоздары пайда болды: «Голубовский», «Комсомольский», «Западный», Ленин атындағы, Куйбышев атындағы, «Пограничник», «Михайловский», «Плодородный», «Агрономия», «Коминтерн» және т.б.

1959 жылы облыс халқы 455 мыңнан астам адамды құрады, 71,1 % ауылдық жердің тұрғындары, 25,6 % тұрғылықты тұрғындар. Мамандардың саны 5 есеге жуық артты, механизаторлардың саны ұлғайды.

Әдебиеттер:

Жұматов Ғ. Тәлімді жылдар ойға оралады: [Тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығы қарсаңында] // Сарыарқа самалы. – 2004. – 10 қаңтар. – 3 б.

Константинов Н. Жасампаз жылдар жаңғырығы: [Тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығы қарсаңында] // Сарыарқа самалы. – 2003. – 19 сәуір. – 6 б.

Рахимов Е.К. 1954-1964 ж.ж Павлодар облысында тың және тыңайған жерлерді игеру// Өлкетану. – 2002 – N2. – 91 – 96 б.

25 СӘУІР

АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ БИБИННІҢ туғанына 75 жыл (1939 – 2009)

Көркемсуретші, монументалист, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Қазіргі Павлодар облысы, Железин ауданы, Береговое ауылында дүниеге келген.

Н.В. Гоголь атындағы Алматы сурет училищесін бітірген (1965). Ұстаз ры: А.Г. Ғалымбаева, М.С. Кенбаев, А.М. Черкасский. Қазақстан суретші Одағының мүшесі (1971). 1965 жылдан станоктық көркемсурет және граф када, монументалды және қолданбалы өнерде жұмыс істеді. Көркемсурет ш ғармалары ой терендігімен және бейне-пластикалық экспрессиясымен ере шеленеді: «Мелодии лета» (1965), «Эхо прошедшего времени» (1967), «Ко и люди» (1967). 90-жылдары туындылары программалық сипатқа ие, ол так рыптардың аукымдылығымен, композициялардың мазмұндылығымен, бей үндестігінің эмоциялылығымен ерекшеленеді: «Купающиеся в радуге» (199 «Кони и солнце» (1991), «Отречение апостола Петра» (1994); «Осенний пи (1995); «Портрет Е. Евтушенко»(1999).

Әдебиеттер:

Есімханова А. Суретшілер тілінде: [Облыс орталығында көркемсур музейінде «Дәуір үні» атты көрме ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2011. – желтоқсан. – 3 б.

29 СӘУІР **МАРУАН РАХМЕТҚЫЗЫ ТАНАШЕВАНЫҢ туғанына 75 жыл (1939)**

Танашева Маруан Рахметқызы 1939 жылы 29 сәуірде Павлодар облысы Железинка ауданы Победа колхозында дүниеге келген. 1964 жылы ҚазМУ-ді бітірген. 1965 жылдан ҚазМУ-нің химия факультетінде лаборант, ассистент аға оқытушы болды. 1974 жылдан доцент. 1989 жылы Қазақ химигі, химия ғылымдарының докторы атағына ие болды.

Негізгі ғылыми еңбектері аноргаиикалық қосылыстар түзетін экстрлеу жү йесінің физика-химиялық анализіне арналған. 5 авторлық куәлігі бар.

Әдебиеттер:

Танашева М.Р. Бор шикізатын өңдеуге арналған экологиялық тиімд технологиялық жүйелердің қондырғыларын таңдау тәсілдері / Ж. Е. Джакупова Л. К. Бейсембаева, Н. А. Убайдулаева // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы Химия сериясы. – 2011. – №4. – 187 – 189 б.

4 МАМЫР **СӘЛКЕН ХАСЕНҰЛЫ СҰБХАНБЕРДИННІҢ туғанына 100 жыл (1914-1986)**

Сәлкен Сұбханбердин 1914 жылы 4 мамырда Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңажол ауылында туған. 1933 жылы Семей қаласында Қазақстан өлкелік фармацевтика техникумын бітіріп, сол техникумда оқу бөлімінің меңгерушісі, 1935-1938 жылдары директоры болды. 1938-1944 жылға дейін Алматы №1 дәріхана меңгерушісі болып, кейін республикалық дәріханалар басқармасының бастығы қызметін атқарды. 1944-1945 жылдары Алматы және

алдықорған облыстарының Сарқанд, Октябрь, Гвардия аудандарында атка- комитетінің председателі, 1945-46 жылдары Жамбыл облыстық денсаулық ақтау меңгерушісі болды. 1948 жылы Қазақстан бас дәріхана басқармасының астығы, Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің коллегия мүшесі болып ағайындалды.

С.Сұбханбердин 1959 жылы Ленин орденді И.М.Сеченов атындағы Москва едицина институтының фармацевтика факультетін бітірген. 1966 жылы фар- ацевтика ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғады. 1968 жылы лымға доцент ғылыми дәрежесі берілді.

Ғалым «Здравоохранение Казахстана» журналының редколлегия және СРО Денсаулық сақтау министрлігінің «Фармацевтика» журналының ре- акция кеңесінің мүшесі болды. С.Сұбханбердин фармацевтика тақырыбына эптеген ғылыми еңбектер, монографиялар жазды. Сонымен бірге драмалық ығарма жазумен шұғылданды. «Шындық», «Сатып алған ауру», «Құсайын а», «Елжан» және т.б. пьесалары оның «Шындық» (1977) атты жинағына ен- н. Екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен және Қазақ СР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталған. «Қазақ КСР-ң Еңбек ңірген фармацевті», «КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атақтары берілген.

Әдебиеттер:

Сұбханбердин С. Шындық. Пьесалар жинағы. – Алматы, 1977. – 140 б.

Сұбханбердин С.Х. Дәрі-дертке дауа, жанға шипа. – Алматы, 1994 – Т.1 – 6 б., Т.2. – 360 б.

Сұбханбердин С. Ермұхан досым есімде: [Тарих ғылымдарының докторы, рофессор Е.Бекмахановтың туғанына 90 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2005. – қаңтар. – 4 б.

***

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Қазақ совет энциклопедиясы. – 12 т. – лматы, 1977. – 10т. – 459 – 60 б. Сұбханбердин Сәлкен // Советтік Қазақстан азушылары: Био-библиографиялық анықтамалық.-Алматы,1987. - 582-583 б.

Әбілев Д. Шындық сыршылы: (медицина ғалымы, жазушы Сәлкен Сұбхан- рдиннің туғанына 80 жыл) // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 29 сәуір. – 12 б.

10 МАМЫР

ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАННЫҢ туғанына 110 жыл (1904-1985)

Марғұлан Әлкей Хақанұлы – қазақтың ғұлама ғалымы, Бүкілодақтық Геог- фия қоғамының толық мүшесі, филология ғылымдарының докторы, Қазақ СР Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген йраткері, профессор. Туған жері қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ау- ны.

Ә. Марғұлан 1925-1931 жылдары Ленинградтың Шығыстану институтын гірді. 1934 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылым- р факультетінің Шығыс бөлімшесінде оқыды. 1926-1930 жылдары КСРО А-ның Қазақстан экспедициясы құрамында қазақтардың әдет-ғұрып, тұрмы-

сы мен өнерін зерттеді. 1930 жылы ҚазКСР Оқу халық комиссариатының ж
нындағы жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер.

Ол қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеуге зор еңбек сіңірді. Он
қаламынан туған тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салалар
на қатысты оңдаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден аст
энциклопедиялық мақалалар жарық көрді.

Әлкей Марғұланның ұзақ жылғы қоғамдық өмірдегі және ғылымда
үлкен еңбегі жоғары бағаланып, ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен жа
бірнеше медальдармен марапатталды.

Әдебиеттер:

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар.-Алмат
1985. – 368 б.

Марғұлан Ә. Зарлы көкекке: өлең // Таң-Шолпан. – 2002. – №5. – 124 б.

Марғұлан Ә. Шығармалары / құраст.: Д. Ә. Марғұлан. - Алматы: Алат
2012

Марғұлан Ә. Эпос тудырған ортаның мәдениетке қосқан үлесі. «Таңба
тас» жазуы // Қазақ тарихы. – Алматы, 1997. – 166 – 239 б.

* * *

Марғұлан Әлкей Хаканұлы (1904-1985) // Қазақ ССР: 4-томдық қысқа
энциклопедия.- Алматы, 1988. – 3 т. – 349 б.

Әлкей Марғұлан. 26-кітап / С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің Е.Бекмах
нов атындағы «Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы»; Орталы
директоры А. Ж. Құдабаев. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 233б. – (Кереку-Ба
кітапханасы; «Рухнама»)

«Академик Ә. Х. Марғұланның мұрасы»: ғылыми-практикалық конфере
циясы 12 мамыр 2004 жыл (2004-2006 ж.ж Мәдени мұра қалалық бағдар
масы аясында). Конференция материалдарының жинағы/Екібастұз қаласын
әкімі. Екібастұз қаласындағы мәдениет және спорт басқармасы. Екібастұз қ
ласындағы тарихи-өлкетану музейі.- Екібастұз, 2004. – 191 б.

Алдабергенов Қ. М. Бір туар дара тұлғалар / Е. М. Арын, Б. Т. Баткеева
Павлодар: ЭКО, 2003.- 364 б.

***

Әбділда Ж. Әлкей Марғұланның архиві // Ақ желкен. 2012. – №9. – 12 – 16 б.

Әлімбаев М. Тас кітап // Аңыз адам. – 2013. – қаңтар (№31). – 27 б.

Әсембаева Б. Марғұлан еңбектеріндегі және тұлғалар бейнесі // Әл – Фараб
атындағы ҚҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2010. – №1. – 123 б.

Ғұлама: Тұлға. Тағдыр. Тағылым (Әлкей Марғұлан туралы естелік, мака
лалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар) / С. Торайғыров атындағ
Павлодар МУ.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 254 б.

Бодыққызы Г. Әлкей Марғұлан мұрасы // Кітап патшалығы. – 2010. – №2.
34 – 38 б.

Келдібекова А. Ұлы ғұлама Марғұлан // Ертіс дидары. – 2009. – 24 маусым.
2 б.

Келдібекова А.Б. Ел рухын оятқан ғұлама // Шаһар. – 2010. – 4 ақпан. – 13 б.

Қайырбеков Ғ. Академик Әлкей Марғұлан // Аңыз адам. – 2013. қаңтар (№1). – 25 б.
Марғұлан Ә. Тамғалы тас сыры // Жас Алаш. – 2011. – №1. – 4 – 9 б.
Молдайышқызы Р. Әлкей Марғұланның өмірі мен қызметінің тарихи тізбесі: (хронологиялық тәртіп бойынша) // Аңыз адам. – 2013. – қаңтар (№1). – 5 – 9 б.
Тасбулатова А. Рухани үндестік // Алдаспан. – 2013. №1 – 2. – 2 – 3 б.
Тоқтағазы Е. Абай мен Әлкей Марғұлан // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2011. – №5. – 66 – 73 б.
Шапиян М. Әлкей Марғұлан туралы естеліктер // Аңыз адам. – 2013. – қаңтар (№1). – 13 – 15 б.

11 МАМЫР

ӘБИ САРҚЫНШАҚОВТЫҢ туғанына 80 жыл (1934)

Жол хабарлау инженері, ҚазССР көлігінің еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Павлодар қаласының құрметті азаматы, Павлодар облысының құрметті азаматы. 1956 жылы Ташкент теміржол көлігінің инженерлер институтын бітірген.

Еңбек жолын Павлодар бекеті жолдары бойынша кезекшісі болып бастап, кейін Павлодар бекетінің кезекшісі, бекет инженері, пойыз диспетчері, жолдар бөлімінің кезекшісі, Павлодар бекетінің бастығы, Павлодар жолдары бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 1975-1996 жж. – Павлодар жолдары бөлімінің бастығы. 1996 ж. – Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің бас кеңесшісі. 1999 ж. – «Қазақстан темір жолы» РМК бас директорының кеңесшісі. 2001 ж. – «Қамқор» қоғамдық қорының президенті, солтүстік аймақ бойынша «Қазақстан темір жолы» АҚ президенті орынбасарының өкілі (2003 ж.).

Қазақстан Компартиясының қалалық және облыстық комитеттеріне мүше ретінде бірнеше рет, Павлодар обком партиясы бюросына мүше болып, қалалық және облыстық халық депутаттары кеңесіне депутат ретінде, Павлодар қаласы әкімдігінің коллегия мүшесі, Павлодар облысындағы мемлекеттік қызмет жөніндегі Қазақстан Республикасының Агенттігі Кеңесінің мүшесі. КПСС-тің XXVII съездінің, Қазақстан Компартиясы XVII съездінің, теміржол көлігі қызметкерлерінің ОК кәсіподақ кеңесінің XXIII съездінде, Қазақстан кәсіподақтарының XVI съездінде делегаты ретінде сайланды.

Әдебиеттер:

Сарқыншақов Ә. Бағалай білгенге – бақ тұрады: [ҚР Премьер министрі Кәрім Мәсімовтың нағашы атасы Кәрім Әжібеков жайлы] // Түркістан. – 2010. – 28 қазан. – 10 б.
Сарқыншақов Ә. Достығымыз жарасқан жандармыз // Сарыарқа самалы. – 2012. – 1 желтоқсан. – 10 б.
Сарқыншақов Ә. Теміржол саласы: бүгін және ертең: [Көлік және байланыс қызметкерлер күні] // Сарыарқа самалы. – 2010. – 31 шілде. – 1, 5 б.

Сарқыншақов Ә. Ұмытылмайтын тарихи сәттер: (12 сәуір – ғарышкерлер күні) // Сарыарқа самалы. – 2011. – 9 сәуір. – 8 б.

24 МАМЫР

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВТЫҢ туғанына 120 жыл (1894-1933)

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы қазіргі Павлодар облысында шаруа отбасында дүниеге келген. Жас кезінен ескіше хат танып, кейіннен Павлодар медресесінде оқыды. Мұғалім жалдап, орысша сауатын ашады.

1916 жылы патша үкіметінің қазақтарды тылдағы қара жұмыстарға алу жөніндегі жарлығы бойынша Екібастұз шахтасында, кейін Рига маңындағы майдан шебінде окоп жұмыс қазу жұмысында болған.

Туған еліне қайта оралғаннан кейін Семей қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курста оқыды. 1919 –1922 жылдар арасында қазақ ауылдарында мұғалім, халық соты қызметтерін атқарды.

1928 жылдан бастап С. Дөнентаев «Қазақ тілі» газетінің редакциясында жұмыс істеп, барлық күш жігерін қазақ әдебиетін дамытуға жұмсайды.

С. Дөнентаевтың «Қиялым» деген тұңғыш өлеңі 1913 жылы «Айқап» журналында басылып шықты. 1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен шыққан өлеңдерінің алғашқы жинағы жарық көрді. Ал, 1957 жылы шығармаларының академиялық жинағы шықты.

С. Дөнентаевтың ақындық қызметі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңі – 1912-1918 жылдар арасы, екінші кезең – кеңес дәуіріндегі шығармашылығының үлгісі 1918-1928 жылдар арасы.

Ақынның «Заман кімдікі», «Доска», «Замандастарға», «Балалық» және т. б. өлеңдері халықтың азаттыққа ұмтылу арманын суреттейтін реалистік шығармалар болды.

С. Дөнентаевтың кеңес дәуіріндегі өлең-жырларында өмір шындығы жаңа жақты, кеңінен қамтылған. Ақын шығармалары тақырып, жанр, көркемдігі жағынан да әр алуан болып келеді.

С. Дөнентаев өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, қазақ әдебиетінің өткір сатиралық стильді қалыптастырған ірі суреткер ақын.

Әдебиеттер:

Дөнентаев С. Бозторғай.- Алматы: Мектеп, 1989. – 144 б.

Дөнентаев С. Заман кімдікі: тандамалы / құраст., жауапты ред. А. Ж. Құдабаев; бас ред. Е. Арын.- Павлодар: ЭКО, 2011. – 88 б.

Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым: өлең, әңгіме, очерк, фельетон, мақала, естеліктер.- Алматы: Жазушы, 1989.- 304 б.

Дөнентаев Сәбит. 21-кітап / С.Торайғыров атындағы «Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы»; Орт. дир. А. Ж. Құдабаев. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 128 б. – (Кереку-Баян кітапханасы; «Рухнама»)

Оңғарова Ш. Ғасырдың құрдас сырласы. Сұртай Абылқасымұлының әдеби мұрасы. – Алматы, 2013. – 376 б.

***

Абылқасымұлы С. Сәбит Дөнентаев: [арнау] // Ғасырдың құрдас сырласы (Сұртай Абылқасымұлының әдеби мұрасы). – Алматы, 2013. – 217 – 218 б.

Бықай Ф. Алыптардың серігі: (Сәбит Дөнентаевқа Ақсу қаласында ескерткіш – бюст орнатылды) // Егемен Қазақстан. – 2012. – 9 қазан. – 12 б.

Жайықбаев Н. Алыптардың есімін асқақтатқан Ақсу!: [Ақсу қаласында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы спорт сарайы және Сәбит Дөнентаевтың ескерткіші ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 27 қыркүйек. – 1, 2 б.

Қабылденова Қ. Ақын құрметіне ескерткіш ашылды: [Ақсу қаласында қазақ ақыны, журналист Сәбит Дөнентаевтың ескерткіші ашылды] // Регион. kz. – 2012. – 28 қыркүйек. – 2б.

Мушетова М. Ерекше дарын иесі // Сарыарқа самалы. – 2009. – 3 ақпан. – 4 б.

Хибадуллина А. Сәбит Дөнентаевтың журналистік қызметі // Ақиқат. – 2010. – №9. – 120 – 123 б.

18 ТАМЫЗ ҚАЖЫМҰРАТ ҚҰСАНҰЛЫ СМАҒҰЛДЫҢ туғанына 75 жыл (1939 – 2009)

Ақын, сатирик, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Смағұл Қажымұрат Құсанұлы 1939 жылы 20 тамызда РФ Новосібір облысы Қарасуық ауданының Жоғарғы Баян ауылында туған. 1954 жылы жеті жылдық мектепте оқып, оны бітірген соң, Б.Ахметов атындағы педагогикалық училищеге түсіп, 1958 жылы бітіріп шықты. Қ.Смағұл еңбек жолын қазіргі Ақтоғай ауданының Аққөл ауылында мұғалімдік қызметінен бастады. Ақын алғаш рет «Қызыл Ту» газетінде 1954 жылы жарияланды. Басылым бетінде балауса өлең-жырлары жарық көре бастады. 1962 жылы ҚазМУ-ң журналистика факультетіне түсіп, оны 1967 жылы аяқтайды.

Журналист «Сарыарқа самалы» («Қызыл Ту») облыстық газетінде қызмет істеді. Әр жылдарда облыстың талай шаруашылықтарында болып, ауылшаруашылығының тіршілік-тынысын жан-жақты қамтыды. Поэзияны ерекше құрметтеп, үлкен талғаммен қарайтындығының бір себебі де сол, экономикалық бағыттарда қалам тарта жүріп, жыр-толғауларының легін үлкен эпикалық шығармаларға жалғай білді. Қ. Смағұлдың шығармашылығындағы еселі еңбекті, үлкен әзірлікті танытатын «Жазықсыздар» поэмасы. Көлемі жағынан да, көтерген тақырыбы жағынан шоқтығы биік. Бұл үлкен эпикалық туындыға өзек болған 1937-1938 жылдардағы репрессия кезінде жазықсыз жапа шеккен ел азаматтарының қасіретті тірлігі, қайтпас ерлігі. Сол секілді «Тағдырлар», «Батырлық туралы жыр» дастандары да ел басынан өткерген қилы замандар мен үндес жатыр. Жазушыны облыс оқырмандары көбінесе сатира сарбазы ретінде таниды. Бұл «Қалжыңдауға қалайсың?», «Бәрін де біліп жүрміз» деген сынсықақ топтама кітаптары жарық көргендіктен және «Қышқыл күйіс, мысқыл мүйіс» секілді сынға, әзілге, мысқылға арналған беттерді ұйымдастыра отырып, оған өз шығармашылығымен қатысқандықтан да «Сарыарқа самалының» сықақшысы» атына ие болған. Қ. Смағұлдың «Ана махаббаты», «Шәкірттер вальсі», «Наурыз келді», «Ұстаздар ұясы» атты өлеңдеріне сазгер Назымбек

Дүкенбай ән жазса, Қайырбек Сатиев «Сарбаздар маршы», «Ағажан-ардағым» туындыларын сахнаға шығарды.

Әдебиеттер:

Смағұл Қ. Бәрін де біліп жүрміз. – Алматы, 1988. – 64 б.

Смағұл Қ. Тағдырлар. – Павлодар, 2000. – 448 б.

Смағұл Қ. Ауылдастар – бауырластар / әні: Н. Дүкенбайдікі // Сарыарқа самалы. – 1999. – 19 тамыз. – 4 б.

Смағұл Қ. Бұрсайшы қазақшаға көңіліңді / әні: Н. Дүкенбайдікі // Ертіс дидары. – 2001. – 25 мамыр. – 4 б.

Смағұл Қ. Маған ыстық Қарасуық: өлеңдер // Сарыарқа самалы. – 1999. – 19 тамыз. – 5 б.

Смағұл Қ. Ойлар мен шабыт тоғысы: өлеңдер // Сарыарқа самалы. – 2003. – 16 тамыз. – 8 б.

Смағұл Қ. Ана туралы толғау: өлең // Сарыарқа самалы. – 2002. – 14 желтоқсан. – 6 б. (Жалғасы келесі сандарда).

Смағұл Қ. Өмірде өшпейтұғын із қалдырған: өлең // Сарыарқа самалы. – 2001. – 25мамыр. – 25 б.

Смағұл Қ. Ұлы жүрек жаңылма дүрсіліннен: өлең // Сарыарқа самалы. – 2002. – 7 маусым. – 8 б.

***

Жұматов Ғ. Таңдаған тұлғалы орын жыр көшінен // Сарыарқа самалы. – 1999. – 19 тамыз. – 4 б.

Әміржанұлы К. Қажымұратқа!: өлең // Сарыарқа самалы. – 1999. – 19 тамыз. – 4 б.

Дүкенбай Н. Керекуім / сөзі: Қ. Смағұлдікі // Сарыарқа самалы. – 2003. – 28 қаңтар. – 4 б.

Дүкенбай Н. Туған жер / сөзі: Қ. Смағұлдікі // Сарыарқа самалы. – 2003. – 15 сәуір. – 4 б.

Дүкенбай Н. Сағындым Баянымды / сөзі: Қ. Смағұлдікі // Сарыарқа самалы. – 2007. – 3 қараша. – 6 б.

7 ҚЫРКҮЙЕК **РҰСТЕМ БЕЙСЕНҰЛЫ ОМАРОВТЫҢ туғанына 95 жыл (1919 – 1988)**

Омаров Рүстем Бейсенұлы 1919 жылы қазіргі Павлодар облысы Лебяжі ауданы Шарбақты селосында туған. 1937-1939 жылдары Ленинград музыкалық училищесін оқып, 1954 жылы Алматы консерваториясын бітірді. Музыкант жастайынан домбыра тартуды әкесінен үйренген. Белгілі күйші О.Қабиғожиннің шәкірті болған. 1934 жылдан Қазақтың халық аспаптар оркестрінде домбырашы, кейіннен домбыра тобының концертмейстері және домбырашы қызметін атқарды. 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан. Кеңес Одағы кезінде оркестр құрамында көптеген қалаларда, шет елдерде болып өнер көрсеткен. Р. Омаров қазақ халқының күй

мұрасына, әсіресе Құрманғазы күйлерін, оның орындаушылық дәстүрін жете меңгерген. Музыкант репертуарында Құрманғазының «Қайран шешем», «Машина», Тәттімбеттің «Саржайлау», Мәменнің «Санау», Динаның «Тойбастар» т.б. көптеген күйлері бар. Омаров Рүстем Бейсенұлы ҚазССР-н халық әртісі, 1967 жылдан ҚазССР-н еңбек сіңірген әртісі. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Әдебиеттер:

Омаров Рүстем Бейсенұлы // Қазақ өнері: Энциклопедия.- Алматы, 2002.- 538 б.

Омаров Рүстем Бейсенұлы // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.- 4 т.-Алматы, 1989. - 4 т.- 466 б.

Рахметова Т. Күйшілер байқауы: [Павлодар облысының 75 жылдығына орай Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Рүстембек Омаров атындағы аудандық күйшілер байқауы өтті] //Сарыарқа самалы. – 2013. – 23 ақпан. – 12 б.

26 ҚЫРКҮЙЕК ПАВЛОДАР КӨРКЕМСУРЕТ МУЗЕЙІНІҢ құрылғанына 50 жыл (1964)

1964 жылы құрылды. Бұл Қазақстанда құрылған екінші көркемсурет музейі еді. Бұған дейін тек Алматыдағы Т. Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясы ғана болды. 1965 жылдың 18-ші желтоқсанында келушілерге музей өз есігін айқара ашты.

40 жылғы жұмысында музейде кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының қайталанбас жинағы қалыптасты. Музей қорларында 5500-ден астам экспонаттар бар. Жинақтаманың ең маңызды бөлігі – қайнар көзінен бастап Республиканың кәсіби өнерінің қалыптасу, даму үрдістерін түпкілікті бейнелейтін Қазақстан суретшілерінің еңбектері (XX ғасырдың басында салынған Н. Г. Хлудовтың пейзаждары, оның шәкірттері А. Бортниковтың, Н. Соловьевтың, Қазақстанның тұңғыш халық суретшісі Ә. Қастеевтің шығармашылығы). Сонымен қатар музей жинағында 1930-шы – 40-шы жылдары Қазақстанда жұмыс істеген көрнекті шеберлердің шығармалары өз орнын тапқан (А. Черкасский, В. Эйферт, Л. Леонтьев, П. Зальцман, С. Калмыков және т. б.). 1960-70-ші жылдар – Қазақстанда мықты ұлттық мектептің қалыптасқан уақыты. Осы кезде А. Ғалымбаеваның, Қ. Телжановтың, А. Степановтың, С. Айтбаевтың, Г. Исмаиловаңың, Е. Сидоркиннің, Ж. Шарденовтың және т. б. авторлардың картиналары жазылды. 1980-90-шы жылдарда белсенді жұмыс істеген суретшілердің шығармалары қызықты (Е. Толепбаев, К. Моллашев, А. Карпыков, Р. Хальфин және т. б.).

Музей коллекциясында Павлодардың алдыңғы қатарлы кәсіби суретшілері – Қ. Баймұлдиннің, М. Колмогоровтың, Ғ. Қаржасовтың, П. Лысенконың, В. Мартынцевтың, А. Бибиннің, А. Гулиннің, Ө. Шурановтың, Ә. Игембаевтың және тағы басқаларының жұмыстары жинақталған. Павлодарда 1919 жылдан 1929 жылға дейін тұрған белгілі орыс суретшісі В. П. Батуриннің (1863-1938) картиналары жинақтаманың мақтанышы болып табылады.

1990 – 2000-шы жылдардың басында Қазақстанның көркем өмірінің қазіргі үрдістерін бейнелей отырып, Павлодар облыстық көркемсурет музейі коллекциясын кеңейтіп, өз дамуын жалғастырып келеді.

Жыл сайын музей 15-тен астам экспозиция ұсынады. Бұл музей қорларынан алынған дәстүрлі тақырыптық іріктемелері, павлодарлық суретшілердің есептік және жеке көрмелері, фотокөрмелер, «М*АРТ» жастар жобасының көрмелері, балалар суреттерінің көрмесі, алдынғы қатарлы музейлердің жинақтарынан алынған көшпелі көрмелер.

Музейде өткізілетін суретшілермен кездесулер, мастер-класстар, экскурсиялар, көркем-әдеби және музыкалық кештер, презентациялар, бейнелеу өнері тарихы бойынша бейнефильм көрсетілімдері ерекше қызығушылық тудырады. Музей кеңес беру-сараптау қызметтерін көрсетеді, қала және облыстың оқу мекемелері үшін білім беру бағдарламаларына белсенді ат салысады. Музей әріптестіктерінің ішінде тек Қазақстан музейлері мен галереялары ғана емес, сонымен қатар Омбы мен Новосібір музейлері, Британ Кеңесі, Гете Институты, Сорос-Алматы қазіргі заман өнер орталығы, Халықаралық «Ашық музей» Ассоциациясы (ХАА), Ресей музейлерінің Ассоциациясы (РМА) бар.

13 ҚАЗАН **КӨШЕР МҰҚАНОВТЫҢ туғанына 85 жыл (1929)**

Мұқанов Көшер 1929 жылы 13 қазанда Павлодар облысы Май ауданы Құркөл селосында туған. 1953 жылы Москва геология барлау институтын бітіргеннен 1961-62 жылдары СССР ҒА-н Рудалы кендер геологиясы институтында кіші ағаға ғылыми қызметкер болды. 1962 жылдан ҚазССР ҒА-н институтында геохимиялық лабораторияның меңгерушісі. Геология-минералогия ғылымының докторы. Негізгі ғылыми еңбектері рудалық геохимия, пайдалы қазбаларды іздеудің геохимиялық тәсілдері, жеке элементтердің геохимиясы мәселелеріне арналған.

Әдебиеттер:

Мұқанов Көшер // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. – 4 т. – Алматы, 1988. – 3 т. – 383 б.

Қоңыр Т. Профессордың кітабы // Сарыарқа самалы. – 1997. – 12 сәуір

16 ҚАЗАН **ЛЕБЯЖІ АУДАНЫНЫҢ құрылғанына 75 жыл (1939)**

Бұрын Семей губерниясына қараған Бескарағай ауданы 1939 жылы 16 қазаннан Бескарағай, Лебяжі, Май аудандары болып үшке бөлінеді. Жер көлемі 8,1 мың км². Тұрғын халық саны 19,6 мың адам (1999). Ауданда ірілі-ұсақты 15-16 көлдер, 20-25 бұлақтар бар. Аудан көршілес Алтай өлкесімен, Семей облысымен, осы облыстың Шарбақты, Павлодар аудандарымен шектеседі.

Облыс орталығынан Омбы-Алматы-Семей автожолымен байланысады. Жері-сары топырақты, құмдауытты, топырағында ылғал ұзақ сақталынбайды. Орманы Алтай өлкесімен шектеседі. Екі орман шаруашылығы бар. Олар 160 мың гектар жерді алып жатыр. Ауданның негізгі бағыты – қой шаруашылығы. Аудан радиация қауіпті зонасына жатады. Климаты континенталды. Қантардағы орташа температурасы –17° –18° С, шілдеде +20° +21°С. Даласында қасқыр, қоян, суыр, сарышұнақ; суында үйрек, қаз тіршілік етеді. Территориясында 11 ауыл-аймақ бар: Лебяжі, Восточный, Жамбыл, Қазын, Қызылағаш, Қызыләскер, Майқарағай, Майлыбай, Шақа, Шарбақты, Ямышев. 1940 жылдан бері «Аққу үні» деп аталатын аудандық газет шығады.

Әдебиеттер:

Қайдаров Н. Лебяжі ауданының тарихы /1939-1999/: Ауданның 60 жылдығына арналады. – Павлодар, 1997. – 196 б.

Павлодар облысының топонимиясы: Лебяжі ауданы («Прометей» бағдарламасы бойынша) = Топонимия Павлодарской области: Лебяжинский район (В рамках программы «Прометей»). – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2005. – 147 б.

* * *

Ауылдың жаңа бағыттары: (Облыс әкімі Ерлан Арын жұмыс сапарымен Лебяжі ауданында болды) // Шаһар. – 2012. – 8 маусым. – 3 б.

Әміре Ф. Берекелі жәрмеңке ұласты: [Облысымыздың 75 жылдық мерейтойына орай Баянауыл, Май, Лебяжі аудандарының Павлодар қаласындағы күндері аталып өтті] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 6 қараша. – 1, 3 б.

Бижанова А. Елу жылдық белес: [Қазы ауылдық округтің құрылғанына 50 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 3 қараша. – 3 б.

Есімханова А. «Басты мақсат – өнімділікті арттыру»: [Лебяжі ауданының шаруашылығы туралы] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 24 мамыр. – 1 б.

Есімханова А. Елім деп еміренген ерлер ерлігі – ұрпақ жадында: [«Біздің жерлесіміздің ерлігі» атты көшпелі көрме, Ұлы Отан соғысының батыры Әбілхайыр Баймолдиннің туған жеріне – Лебяжі ауданына аялады] // Сарыарқа самалы. – 2013. – 31 қаңтар. – 3 б.

«Жұмыспен қамту –2020» бағдарламасы: кімге не берді?: (Арнаулы бет) // Сарыарқа самалы. – 2013. – 12 ақпан. – 5 б.

Жұмыспен қамтудың жасампаз бағдарламасы: [«Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасын орындау бойынша облыс көрсеткіштері] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 1 наурыз. – 4 – 5 б.

Қабдуахит Ә. Білім ордасының белесі: [Лебяжі ауданындағы Ямышев ауылдық округінің Тілектес елді – мекенінде жергілікті мектептің 40 жылдық мерейтойы аталып өтілді] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 25 қазан. – 8 б.

Лебяжі ауданы тәуелсіздік жылдарында // Сарыарқа самалы. – 2011. – 20 қазан. – 4 – 5 б.

Лебяжі ауданында оң өзгерістер мол: (Ауданның экономикалық – әлеуметтік жағдайы жайлы) // Сарыарқа самалы. – 2010. – 24 маусым. – 4 – 5 б.

«Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» облыстық көркемсөз оқулары: (Абай поэзиясы білгірлерінің облыстық көркемсөз оқулары ашылды) // Ертіс дидары. – 2013. – 27 тамыз (№8). – 1 б.

Молдайып С. Ел ырысын молайту – жауапты іс: [Облыс әкімі Ерлан Арын жұмыс сапарымен Лебяжі ауданында болды] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 5 маусым. – 2 б.

«Туған жер – алтын бесігім» атты корме: [Май ауданы Аққу ауылдарының Мәдениет үйлерінде 2009 жылғы 7 қазанда Май және Лебяжі аудандарының 70 жылдығына арналған ресроспективті фотоқұжаттық көрменің ашылуы болды] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 13 қазан. – 4 –5 б.

16 ҚАЗАН

МАЙ АУДАНЫНЫҢ құрылғанына 75 жыл (1939)

Май ауданы Павлодардың оңтүстік-шығысында орналасқан. Аудан көлемі 18,1 мың км^2, халық саны 16,9 мың адам (1999). Оңтүстік-шығысында Шығыс Қазақстанмен, оңтүстік-батысында Қарағанды облысымен, батысында Баянауыл ауданымен және Ақсу қаласының ауылдарымен шектеседі. Солтүстігінде Ертіс өзенімен Аққу ауданымен айрылған. ҚазКСР-ы Кеңесінің жоғарғы Президиумының жарғысымен 1939 жылы 16 қазанда құрылады. Аудан полигонның қауіпті радиациялық зонасына жатқызылған. Ауданда қазақтар, орыстар, татарлар, немістер т. б. ұлттар тұрады. Аудан территориясында 11 ауыл бар: Көктөбе, Ақжар, Ақшиман, Баскөл, Кентүбек, Қазан, Қаратерек, Май, Майтүбек, Малайсары, Саты. 1930 жылдан бастап «Шамшырақ», ал 1955 жылдан бастап «Маяк» атты аудандық газет шығарылады. Аудан рельефі төмпешік-тегіс. Аудан пайдалы қазбаға бай: антрацитке қасиетімен жақын көмір, табиғи құрылыс материалдары, саз, мрамор, әктас, охра. Ауа райы тез континенталды. Ауданда Ертіс, Түндік өзендері, Қарасор, Алдамерген, Жаңатұз, Ақбота, Шақпақтұз, Үлкентұз көлдері бар. Даласында қасқыр, түлкі, қарсақ т.б. тіршілік етеді. Аудан ортасынан Көктөбе Павлодар қаласынан 120 км. алшақ Ертіс өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан. Көктөбе арқылы Ақсу-Делеген теміржолдары, Павлодар – Шаған-Семей автожолдары өтеді. Аудан шаруашылығы – қой өсіру, егіншаруашылығы, жылқы табындығы және дән дақылдарды өсірумен де айналысады. Негізгі шаруашылығы – мал өсіру.

Әдебиеттер:

Қоңыр Т. Аршалы ардақтылары / ред. Қ. Смағұл. – Павлодар: ЭКО, 2001. – 194 б.

Пішенбаев Қ. Өмір естеліктері (естелік). – Алматы, 1997. – 191 б.

Сыздықов У. Б. Ертіс өңірінің өрендері. – Алматы: Қайнар, 1983. – 152.

* * *

Амантай Ж. Аудан әлеуметін арттыруды міндеттеді: [Облыс әкімі Ерлан Арын жұмыс сапарымен Май ауданында болды] // Сарыарқа самалы. – 2012. –

27 наурыз. – 2 б.

Амантай Ж. Жасындай жарқылдаған Жаңгір: [Май ауданындағы Байғабыл Жылқыбаев атындағы балалар өнер мектебі туралы] // Регион.kz – 2013. – 17 мамыр (№20). – 5 б.

Амантай Ж. Май шаруаларының көңілі жай: [Май ауданының шаруа қожалықтары туралы] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 14 мамыр. – 2 б.

Амантайұлы Ж. Ауылда мешіт ашылды: [Май ауданына қарасты Қаратерек ауылында жаңа мешіт ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 31 шілде. – 1 б.

Әбілқасова Б. Ескерткіш тақта ашылды: [Ашаршылыққа 80 жыл толуына орай Май ауданы, Қаратерек ауылында ескерткіш тақта ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 12 маусым. – 9 б.

Әбішев А. Майтүбекте айта қалар жаңалық жетерлік: [Май ауданының Майтүбек ауылындағы әлеуметтік – мәдени жағдай жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2010. – 2 қараша. – 6 б.

«Бұлдіршін» фестивалі: [Май ауданының Б. Жылқыбаев атындағы өнер мектебінде фестиваль өтті] // Шамшырақ. – 2013. – 4 мамыр (№18). – 2 б.

Қошеметке лайықты жан!:[Ұлы Отан соғысының ардагері Мағау Сыздықов жайлы] // Регион.kz. – 2013. – 24 мамыр (№21). – 4 б.

Қызырұлы М. Ауылдағы ағайын лебізі:[Академик Жабайхан Әбділдин 80 жаста] // Шамшырақ. – 2013. – 9 наурыз (№10). – 3 б.

«Шуағынан, ауырсам, жазылып ем...»: [Ақын, журналист Қайыр Жүніскалидің туғанына – 60 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2013. – 6 маусым. – 10 б.

ҚАЗАН

Б. АХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ашылғанына 85 жыл (1929)

1921 жылы республикалық халық ағарту комиссариатының шешімімен Өскемен қаласында педкурс ашылып, соның негізінде 1923 жылы педтехникум қалыптасты. Қазақстан Ағарту Орталық атқару Комитеті 1929 жылы бұл оқу орнын Павлодар қаласына ауыстырды. Ол кезде 4 негізгі класс пен 1 дайындық тобында 90 оқушы ғана оқыған. Сол жылы қазақ балалары үшін тағы бір дайындық тобы ашылды. Кейін 1937 жылы педтехникум үш жылдық педагогикалық училище болып құрылды. 1930 жылы педтехникум облысымыздың жеті жылдық мектептері үшін алғашқы 51 түлектеріне жолдама берді.

Бейсен Ахметов атындағы педагогикалық колледж Павлодар қаласында 1929 жылы ашылған тұңғыш орта арнаулы оқу орны болып табылады. Бастапқы кезде техникум, кейін училище, бертінде колледж мәртебелерін иелеген 85 жылдық тарихы бар.

Павлодар педтехникумының ең бірінші түлектерінің бірі – Бейсен Ахметұлы Ахметов (1929-1933). ҚР Еңбек сіңірген мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше медальдар мен ордендердің иегері, Павлодар қаласының құрметті азаматы болды.

Б.А. Ахметов училищеге көп еңбек сіңірген. 1946-1972 жылдар арасында училищеде қызмет етті. 1996 жылы педколледжге Б. Ахметов есімі берілді. 1946 –1948 жылдары оқу орнын филология ғылымының докторы, профессор Г. Л. Мейрамов басқарды. Сол сияқты физика-математика ғылымдарының кандидаты С. Ы. Ыбыраев, ҚР Еңбегі сіңірген мұғалім Р. А. Молдабекова, филология ғылымдарының кандидаты З. Э. Гуттенлохер т. б. болды.

Ұлы Отан соғысында училищенің үйіне әскери госпиталь орналасты да, училище уақытша Семиярка ауылына көшірілді. 1941-1945 жылдары оқытушылар құрамы көп өзгерді. Күндізгі бөлімде оқитын оқушылар саны елеулі түрде қысқарды. Сол кезгі жағдайларға байланысты еңбектен қол үзбей оқитын болды. 1941 жылы сырттай оқитын 250 оқушы мезгілінен ерте бітіріп, ауыл мектептеріне жіберілді.

1972 жылдан 1989 жылға дейін училище директоры, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері С. Қ. Құспанов училище ісін жақсарту жолында көп жұмыстар атқарды. 1936 жылы училище қазақша оқитын топтар ашты да, 1992 жылы қазақ бөлімі қалыптасты.

Педколледжде жүздеген оқытушы жұмыс істейді. Бұлардың ішінде бұрынғы одақтық, республикалық халық ағарту ісінің үздіктері, орден иелері бар. Олардың көбі өз пәнінің майталман шеберлері.

Әдебиеттер:

Жұмабайқызы Қ. Ұстаздар ұясы // Сарыарқа самалы. – 1999. – 2 қараша. – 4 б.

Компьютер сыныбы ашылды: [Б.Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінде «Компьютерлік сауаттылық» курстары жұмыс істейді] // Егемен Қазақстан.- 2007. – 2 тамыз. – 10 б.

Қани А. Сурет сырына үңілсек... // Сарыарқа самалы. – 1999. – 4 қараша. – 10 б.

Нұрсейіт М. Жастық шақ өткен орда // Сарыарқа самалы. – 1999. – 2 қараша. – 4 б.

Шодыр Н. Белгілі де беделді оқу ордасы: [Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжінің құрылғанына 80 жыл толуына орай салтанатты жиналыс өтті] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 3 желтоқсан. – 3 б.

29 ҚАРАША

ҚАНАШ ҚАМЗИННІҢ туғанына 95 жыл (1919-1944)

Қанаш Қамзин 1919 жылы 29 қарашада қазіргі Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айырылған ол үлкен ағасының қамқорлығында өседі, отбасында бұл үшінші бала еді. Көп ұзамай ағасы Қанашты Павлодардағы қазақ балалар коммунасына орналастырады. 1936 жылы үздік оқушы ретінде жұмысшы факультетіне жіберіледі, оны бітірген соң ауылға жолдаманың орнына әскери комиссариаттан шақыру қағазы қолына тиеді. Соғыс басталған күні Қызыл Әскер қатарына шақырылды.

Лейтенант Қ. Қамзин 52-атқыштар дивизиясының 429 атқыштар полкының 3 –ротасында майданның қанша жолдарынан өтіп, 1944 жылы 13 сәуірде Молдованың Тирасполь ауданы Бычек селосының маңында Днестр жағасына жетеді. Полктың алдыңғы шебінде келе жатқын ротаға Днестрден өту, арғы жағадағы плацдарм жасау бұйырылды. 13 сәуірде жаудың артиллерия мен миномeттен атқылауы астында көктемде кемерінен шыққан Днестрді кешіп өтіп, дұшпанның алғы шебіне рота басып кіреді.

Молдова жаудан толық азат етіліп, Днестрден әрі – Румыния болатын. Гура-Букулуй үшін ұрыста 18 сарбазбен офицер Кеңес Одағының Батыры атанды. Соның бірі – Қанаш Қамзин болатын.

Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзин мәңгі есте қалды. Молдовада оның есімі қастерлеп еске алынады. Молдованың азат етілуінің 55 жылдығында Қанаш есімі салтанатты жиында ерекше аталды.

Батыр есімі «Жолқұдық» совхозына берілді. Ақтоғай селосының бір көшесі Батыр атымен аталады. Павлодарда Батыр атындағы көшеде үлкен ескерткіш Қанаш Қамзинге арналған. 1966 жылы Жолқұдық ауылындағы мектепке Қанаш есімі берілді.

Әдебиеттер:

Камзин Қанаш // Боздақтар. – 3 т. – Алматы, 1994. – 1 т. – 161 б.

* * *

Ескерткіш ашылды: (Ақсу қаласында Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзиннің мүсіні орнатылды) // Шаһар. – 2011. – 13 мамыр. – 2 б.

Әлиева Г. Ер есімі – ел есінде: (Ұлы Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында) // Сарыарқа самалы. – 2010. – 28 қаңтар. – 17 б.

Жұмаділов Д. Батыр рухына тағзым: (Қанаш Қамзиннің 90 жылдығына орай) // Сарыарка самалы. – 2009. – 3 желтоқсан. – 3 б.

Мақажанова Қ. Ер есімі ел есінде сақталады: [Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзин жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 8 желтоқсан. – 7 б.

2 ЖЕЛТОҚСАН

СҮЛЕЙМЕН БАЯЗИТОВТЫҢ туғанына 70 жыл (1944)

Журналист, жазушы, ақын, өлкетанушы, аудармашы, мәшһүртанушы, ұстаз, Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі. 1944 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында Ж. Шанин атындағы елді мекенінде дүниеге келген. Большевик орталау мектебін, Шөптікөл механизация училищесін, 1960 жылы Павлодар мал дәрігерлік техникумын және 1984 жылы ҚарМУ-дың филология факультетін бітірген. 1963-1967 жылдары әскерде қызмет етеді. 1971-1997 жылдары «Жеңіс» («Баянтау») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1997-1999 жылдары «Сарыарқа самалы» газетінің жеке тілшісі және аудармашысы қызметтерін атқарады. 1999 – 2008 жылдары Павлодар ауданына қарасты Красноармейка орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Аталған мектепте С.Торай-

ғыров атындағы әдебиет бірлестігін құрып, шығарма жазуға, өлең оқуға бейім бар балалармен жұмыс істеді. 1963 жылдан бері «Жұлдыз», «Жалын», «Ара», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Тың өлкесі» және т.б. газет-журналдарда басылады. «Бастау», «Жыл он екі ай» өлеңдер жинағының авторы.

2005 жылы тек оқушылардың қаламынан туған өлең, әңгіме, ертегі, мақалардан тұратын «Менің алғашқы кітабым» атты жинағы, қазақ балалар поэмасының антологиясына «Жасыбай батыр» поэмасы жарық көрді.

С. Баязитовтың «Бастау» (1973), «Жасыбай батыр» (2009), «Хан ием» (2005) атты жыр жинақтары, «Құдіреті күшті бір Алла» атты әңгіме топтамалары, «Елсіздегі елес», екі кітаптан тұратын «Жаралы жердің жанары» атты повестері мен шағын әңгімелері, «Пайымдау», «Көне қазақтың қыныр қисыны», «Малайсары батырдың соңғы әзілі», «Бәлду, бәлду – бәрі өтірік», «Қызылтау-Желтау аясы», «Мәшһүртану өрісі», «Алаш арыстары» жинақтары жарық көрген. «Алаш арыстары» жинағының тұсаукесері Астана қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында аталып өтті.

С. Баязитов жергілікті орыс ақындары О. Григорьеваның, Е. Игнатовскаяның, орыс, украин, ағылшын әдебиетінің классиктері Ф. Тютчевтің, Л. Украинканың, П. Неруданың, Р. Бехердің, М. Твеннің, В. Ирвингтің өлеңдері мен прозалық шығармаларын қазақ тіліне аударып, облыстық «Айдын», «Найзатас», республикалық «Әлем әдебиеті» журналдарына бастырды.

Ол 1975 жылы жас ақын – жазушылардың Павлодар қаласында өткен республикалық аймақтық кеңесіне қатысты. Облыстық «Қызыл Ту» газеті, облыстық комсомол комитеті бірлесіп ұйымдастырған «Ертіс өрені» жыр додасында жүлделі бірінші орынды жеңіп алды.

Облыстық журналистер сыйлығының лауреаты, 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай оған «Әдебиет және поэзия» номинациясы бойынша облыс әкімінің гранты табыс етілді. 2012 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Баянауыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. 2013 жылы облыс әкімі грантының степендияты.

Әдебиеттер:

Баязитов С. Бастау: өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1979. – 32 б.+ CD-ROM

Баязитов С. Жасыбай батыр. – Павлодар, 2004. – 56 б.+ CD-ROM

Баязитов С. Құдіреті күшті бір Алла. – Павлодар, 2004. – 74 б.+ CD-ROM

Баязитов С. Хан ием. – Павлодар, 2005. + CD-ROM

Баязитов С. «Көне қазақтың» қыныр қисыны. – Павлодар: ЭКО, 2007. + CD-ROM

Баязитов С. Малайсары батырдың соңғы әзілі. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 104 б.+ CD-ROM

Баязитов С. Қызылтау – Желтау аясы. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 108 б.+ CD-ROM

Баязитов С. Алаш арыстары. – Астана: Фолиант, 2012. – 344 б. – (Ертіс Баян кітапханасы)

Баязитов С. Жаралы жердің жанары. – Павлодар: ЭКО. + CD-ROM

* * *

Баязитов С. Қошқардың қазасы: (әзіл) // Шаһар. – 2009. – 9 сәуір. – 16 б.

Баязитов С. Тағылымы мол тартымды шығарма: [жазушы Сабыр Сәбековтің «Тергеуші жазбалары» атты кітабы жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 14 мамыр. – 5 б.

Баязитов С. Тіл өрісі аспанда ма?... («қоспасыз шындық») // Шаһар. – 2009. – 14 мамыр. – 13 б.

Баязитов С. Сырға да, мұңға да толы жырлар: [көрнекті ақын М.Мақатаевтың шығармашылығы жайлы] // Шаһар. – 2009. – 18 маусым. – 16 б.

Баязитов С. Автобекеттегі көріс: (әңгіме) // Шаһар. – 2009. – 12 қараша. – 12 б.

Баязитов С. Не десем екен...: (әңгіме) // Сарыарқа самалы. – 2009. – 3 желтоқсан. – 6 б.

Баязитов С. Иоганнес Роберт Бехер Арман – құстың талдырардай қанатын: [неміс әдебиеті] // Әлем әдебиеті. – 2009. – № 6. – 82 – 86 б.

Баязитов С. Оятқан мені ерте шығыс жыры.: [Шәкәрімнің поэзиясы жайлы] // Шаһар. – 2010. – 25 ақпан. – 14 б.

Баязитов С. Тарпаң (әңгіме): (проза) // Қазақ әдебиеті. – 2010. – (№5) 5 – 11 ақпан. – 13 б.

Баязитов С. Мәңгілік болғай: [Қазақстан мен Ресей басшыларының қатысуымен аймақаралық форумы туралы шығармашыл қауымының ән шашуы] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 13 қыркүйек. – 3 б.

Баязитов С. Алаш арыстары: («Алаш арыстары» атты жаңа поэмадан үзінді) // Сарыарқа самалы. – 2012. – 15 наурыз. – 14 б; 29 наурыз. – 16 б.

Баязитов С. Бұқарекең жырлайды... (поэма): (жыр-арнау) // Найзатас. – 2012. – №2. – 47 – 78 б.

* * *

Амантайұлы Ж. Жерлес қаламгерлердің кітаптары шықты // Сарыарқа самалы. – 2012. – 28 сәуір. – 6 б.

Бехер И. Рермани., Менің балалық шағым, Есенин, Лютер / қазақ тіліне ауд. С. Баязитов // Шаһар. – 2009. – 30 сәуір. – 16 б.

Еріккызы Ә. Өнерге қамқорлық: [Астана қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Павлодарлық ақын-жазушылардың кітаптарының тұсаукесері өтті] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 23 маусым. – 3 б.

Құрманов А. Ж. Қарымды қаламгер Сүлейман Баязитов: [Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сүлеймен Баязитов туралы] // Ертіс дидары. – 2009. – 23 қараша. – 10 б.

Қаламгерлер еңбегі бағаланды: [тұсаукесер] / әзірлеген Нұрлан Құмар // Ана тілі. – 2012. – 21-27 маусым. – (№25). – 3 б.

Молдайып С. Аймақ әдебиетінің бүгінгі нысанасы: [Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің ұйымдастыруымен «Ертіс-Баян өңірі әдебиетінің бүгінгі өрісі» атты дөңгелек үстел өтті] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 20 қыркүйек. – 14 – 15 б.

Неруда П. Өмір сенен үйрендім... / ауд. С.Баязитов // Әлем әдебиеті. – 2013. – №1. – 124 – 143 б.

13 ЖЕЛТОҚСАН **ЕРКІН ҒАЗИЗҰЛЫ ЖАҚЫШЕВТЫҢ туғанына 80 жыл (1934)**

1934 жылы 13 желтоқсанда Павлодар облысы Ақсу қаласында дүниеге келген Еркін Ғазизұлы Жақышев – заңгер, заң ғылымдарының докторы (1994), профессор (1995). 1959 жылы ҚазМУ-дің заң факультетін бітірген. 1959-60 жылдары Қарағанды ПБ операктивті уәкілі, 1960-61 жылдары прокуратураның тергеушісі, 1961-1963 жылдары Қазақстан ғылыми-зерттеу институтының сот сараптамасының инспекторы. 1963-67 жылдары Алматы облысы сотының судьясы. 1972 жылы ҚазМУ-дің заң факультетінің қылмыс кафедрасының доценті. 1991-1997 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың қылмыс кафедрасының меңгерушісі. 1997 жылы ҚазМУ-дің кафедра меңгерушісі және директордың бірінші орынбасары.

ШОРМАН БИ КҮШІКҰЛЫНЫҢ туғанына 215 жыл (1799 – 1837)

Шорман Күшікұлы, Шорман би (1799–1837) – төре, аға сұлтан. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Орта жүз арғынның ішіндегі қаржас руынан шыққан, өз еліне танымал Сәтиұлы Күшік шешеннің ұлы. Шын есім – Жұмабай. Қуандық руының Қожы төре бастаған жігіттері қаржастардың жылқысын барымталауға келгенде екі жақ сойылдасып, барымташылардан үш адам (ішінде төренің өзі де бар) қаза табады. Мұны естіген Уәли хан қаржастарға қыруар жылқы құн кеседі. Осы даулы, шешімі қиын мәселені өз руының пайдасына шешіп шыққан 15 жасар Жұмабай «бала би» атанды. Бұл жөнінде өз еңбектерінде Ш. Уәлиханов та жазған. Осы оқиғаның тағы бір нұсқасы Шоңмен (Шоң – Баянауыл округінің аға сұлтаны болған белгілі би) байланысты баяндалады. Жұмабай ханнан жеңіспен оралған соң Шоң оған Шорман атағын беріп, қаржас руының төбе биі етіп тағайындаған. Ол төрелерге билік бермеу мақсатымен сүйіндік арасынан хан тұқымын аластау жөніндегі Шоң бидің саясатын қолдап, оны іске асыруға көмектескен. Шорман бидің «қара қылды қақ жаратын» әділдігі ел аузында аңызға айналған. Оның төрелігіне тек Баяннан ғана емес, бүкіл Кереку өңірінің түпкірінен келетін болған. Шорман би жер дауын шешу, жалпы қазақтарды жерге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шоңмен бірге Батыс сібірдегі отарлық әкімшілікке бірнеше рет хат жолдайды. Шоңның тапсыруымен Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрмеңкелеріне барады. Мұрағатта Шорманның 1830 жылы Омбыға, 1832 жылы Тобылға барып, губернаторға жолыққаны жөнінде дерек сақталған. Баянауыл округі ашылғанда ол аға сұлтанның орынбасары болып тағайындалды да, Шоң қайтыс болғаннан кейін оның орнын басты.

Әдебиеттер:

Әбішев А. Бабаларға – мәңгілік тағзым: [Баянауыл ауданында Шоң би мен Шорман бидің мүсіндері ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 24 қыркүйек. – 3 б.

Мұзафаров Б. Н. «Бала би» атанған Шорман // Қазақстан педагогикалық хабаршысы = Педагогический вестник К. – Павлодар, 2009. – 176 – 179 б.

Тұрышев А. Шоң мен Шорман // Баянтау. – 2011. – № 43. – 5 б.

Шоң мен Шорман еді… : [Шоң мен Шорманға Баянауылдан орнатылған ескерткіш] // Жас Алаш. – 2011. – 22 қыркүйек. – 5 б.

ТЕМІРБОЛАТ АРҒЫНБАЕВТЫҢ туғанына 125 жыл (1889 – 1940)

Халық ақыны – импровизатор және қоюшы – режиссер. Павлодар облысы қазіргі Ақкулы ауданында 1889 жылы дүниеге келген. Музыкамен жастайынан әуестенген. Ән шеберлігін Ақбай ақыннан үйренген. 1917 жылдан кейін Семейлік губерниялық сотының іскағаздар жүргізуші – хатшысы. 1923 жылдан бастап – Омск, Семей, Павлодар ұйымдастырушы органдарының түрлі қызметтерінде қызмет атқарды. Барлық той-думандарда қолына домбыра алып ортаға шығып жүрген. 1929 жылдан бастап Алматы қаласында тұрып, жұмыс істеген. Қазақ драма театрында «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» және т. б. түрлі қойылымдарға қатысқан. Жамбыл атындағы қазақ филормониясымен қызметес болған. «Қорлан», «Үш дос», «Юран» халық әндерін орындаушы. Репрессияға ұшыраған, ақталған.

Әдебиеттер:

Баянаула перзенттері. – 1-кітап. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 568 б.

ЖАБАЙ ТОҒАНДЫҚОВТЫҢ туғанына 125 жыл (1889-1978)

Павлодар облысы Баянауыл ауданында 1889 жылы туған. Жабай Тоғандықов – қазақ әншісі, Қаз КСР-інің еңбек сіңірген әртісі (1945). Ата-анасынан ерте айрылған Жабай Тоғандықов жоқшылықты көп көреді. 1903 жылы Арқаның белгілі әншісі Қ.Байжановпен кездеседі, оның жанында жүріп әншілік өнерге ден қояды. Кейіннен Екібастұзда шахта жұмысында жүргенде 1916 жылы патша жарлығы бойынша әскерге алынып, қара жұмысқа тартылады. 1918 жылы Павлодар қаласына келіп Жұмат Шанин ұйымдастырған көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болады. 1932 жылы Қарағанды облысының радиокомитетіне шақырылып, өмірінің соңына дейін сонда әнші солист қызметін атқарады. Өз жанынанда өлең жазып, ән шығарады. Тоғандықовтың репертуарында 100-ден астам халық әндері мен халық композиторлары (Біржан, Ақан сері, Жаяу Мұса, Жарылғапберді т. б.), сондай-ақ кейінгі қазақ композиторларының әндері болды. 1936 жылы Москва қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты.

Әдебиеттер:

Солтанбаев З. Арқаның әнші ағасы Тоғандықов: [әнші, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Жабай Нұржанұлы Тоғандықов жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 10 қазан. – 5б.

ҚҰДАЙБЕРГЕН ӘЛСЕЙІТОВТЫҢ туғанына 130 жыл (1884-1933)

Әнші – композитор, ақын – импровизатор Құдайберген Әлсейітов 1884 жылы Павлодар облысы Ертіс ауданы Михайловка селосында туған. 11-12 жасынан «Бала ақын» атанған. Павлодар, Омбы, Көкшетау, Қызылжар, Ақмола, Семей қалаларын аралап ән айтқан. Бертінде Қоянды, Қараөткел жәрмеңкелерінде ән салып, ат ойынын көрсеткен.

Қ. Әлсейітовтың көптеген музыкалық шығармалары «Құдайбергеннің әні», «Баласы Әлсейіттің Құдайберген», «Құдайбергеннің термесі», «Құдайбергеннің желдірмесі», «Құдайбергеннің Хадиша қызбен айтысы» деген атпен ел арасында кең тараған.

Ақынның мелодиялары терме жанрына тән жеңіл ырғаққа құрылып, көбінесе ионийлік, миксолидиялық, дорийлік ладтарға негізделген. Ол ән жанрында кезігетін қайырмасы бар екі бөлімді форманы терме, желдірмелерінде сәтті пайдаланды.

Қ. Әлсейітов шығармашылығын насихаттаған И. Байзақов болды. Сондықтан да оның желдірмелеріне ақынның ән – шығармашылығы үлкен әсер етті. Ән – термелері Қазақ мемлекеттік филармониясы мен Қазаққонцерт әншілерінің репертуарынан орын алды.

Әдебиеттер:

Әлсейітов Құдайберген // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – 6 т. – Алматы, 1998. – 1 т. – 673 б.

Әлсейітов Құдайберген // Қазақ өнері: Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 87 б.

Әміржанұлы К. Өнерді құдай берген ақын Құдайберген: [Дүлдүл ақын, айтыстың жампозы Құдайберген Әлсейітов жайлы] // Шаһар. – 2009. – 22 қазан. – 12 б.

Бөжен Б. «Даусыма ұшқан құс та үйірілген…»: [Қазақтың біртуар ақыны Құдайберген Әлсейітовтың шығармашылығы жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2004. – 14 ақпан. – 8 б.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ туғанына 125 жыл (1899-1931)

Қазақ ақыны, жазушы, драматург, аудармашы, ғалым, әдебиет зерттеушісі, педагог Аймауытов Жүсіпбек 1889 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Ауылда ескіше хат танып, 1904 – 1911 жылдары орыс – қазақ мектептерінде оқиды. Баянауылда, Павлодарда және Семейде мұғалімдер семинариясын бітірген (1919). 1911 – 1914 жылдары ауылдық жерде мұғалімдік жұмыс атқарады.

1917-1919 жылдары Алашорда ұйымына мүше болады. 1919 – 1922 жылдары Республика халық ағарту комиссариатында коллегия мүшесі, Семей губерниялық оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922 – 1924

жылдары Қаркаралыда мұғалім, 1924 – 1926 жылдары «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер болды. 1926 – 1929 жылдары Шымкент педтехникумының директоры қызметтерін атқарды.

Аймауытов тұңғыш өлеңдерін Абайға еліктеп жазды. «Көшу» (1918), «Ұран», «Әскер марсельезасы», «Нұр күйі» (1929) т. б. поэзиялық туындылары идеялығымен, эстетикалық бояуларының қанықтығымен, көркемдік шеберлігімен, стилінің жатықтығымен ерекшеленеді.

Проза саласында жемісті еңбек етті. «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы», «Көшпелі Көжебай», «Елес» т. б. роман, повесть, әңгімелерінде, «Шернияз», «Қанапия-Шарбану», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны» пьесаларында халқының тағдыры, тұрмыс-салты, бостандығы мен теңдігі үшін күресін бейнелеп, әлеуметтік теңсіздікті сынайды. Жазушы еңбекші халық пен интеллигенция өкілдерінің, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына, Қазан революциясы мен азамат соғысына қатысушылардың бейнелерін жасады. Сол жылдардағы қазақ ауылының реалистік көрінісін, дала төсіндегі алғашқы революциялық өзгерістердің мәнін ашып көрсетті. Шығармаларының негізгі тақырыптары: әйел теңдігі, адамгершілік, сондай-ақ әдет-ғұрыпқа, шариғат заңдарына, қазақ және орыс халықтарының достығы мәселелері туралы. Балалар мен жасөспірімдерге арнап «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты ертегілер жазды.

Аймауытов «Психология», «Жан жүйесімен өнер таңдау» т. б. ғылыми еңбектерінің, көптеген әдеби – сын мақалалардың авторы.

1929 жылы репрессияға ұшырап, 1931 жылы атылған. Халқы үшін құрбан болған асыл азаматымыз, зиялымыздың бірі – жарық жұлдызы – Аймауытов Жүсіпбек еді. Ол – қазақ халқының аса көрнекті алып ғалымдарының бірі, дүлдүл ақын, заңғар жазушы, ұлт интеллигенциясының шолпаны, психология ғылым саласының тұңғыш қарлығашы – өлмес із салушы, тайпа қазақтың мақтанышы еді. Оның есімі ұлы реформатор, әлемдік лингвист А. Байтұрсынов, өлең сөздің – көркем әдебиеттің биік шыңы, ұстазы М. Жұмабаев және М. Дулатовтармен қатар тұр.

